



Жүк көліктері «жасыл дәліз» арқылы өтеді

Нұр-Сұлтан қаласында жүк көліктерінің жүріп-тұруына өтінім беруге арналған сайт іске қосылды. Оны Қазақстанда коронавирус індетімен күрес жөніндегі IT-штаб әзірледі.

MO Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан

«Нұр-Сұлтан қаласы үшін post.iqala.kz сайтына іске қостық. Онда жүк автокөліктерінің «жасыл дәліз» арқылы өтуіне өтінім беруге болады. Жүріп өтуге берілген өтінім бірден «Сергек:тосқауыл бекеті» қосымшасына түседі. Жүргізуші кіру/шығу туралы деректі, көліктің нөмірін, ЖСН, тасымалданатын жүктің атауын, оның көлемін, сондай-ақ жүретін жолын көрсетіп, өтінім беруі қажет.

Өтінім беру ЭЦҚ және сол секілді басқа да деректерді талап етпейді. Өтінім тек Нұр-Сұлтан қаласында ғана әрекет етеді», – делінген хабарламада.

Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылдың желтоқсан айының соңында Қытайда беймәлім індет таралды. Кейін оған COVID-19 (коронавирустың бір түрі) атауы таңылды. Оған әлемде жүздеген мың адам шалдығып, ондаған мың адам көз жұмды.

Қазақстан Қытаймен 2020 жылғы 29 қаңтардан бастап автобус тасымалын, 1 ақпаннан жолаушылар поездарын және 3 ақпаннан әуе қатынасын тоқтататыны белгілі болды. 6 ақпаннан бастап «Қазпошта» Қытаймен пошта байланысын тоқтатты.



1 наурыздан бастап Қазақстан Оңтүстік Корея және Иранмен әуе рейстерін қысқартты.

15 наурызда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда төтенше жағдай (ТЖ) енгізу жөнінде тапсырма беріп, ол 16 наурыздан күшіне енді. 16 наурызда мемлекет басшысы «Әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

17 наурызда Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ТЖ режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында

карантин режимін енгізу жөнінде шешім қабылдап, ол 19 наурыз күні сағат 00.00-де күшіне енді. Осыған байланысты азаматтар мен көліктің кіріп-шығуы шектелді. 28 наурыздан бастап Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында күшейтілген карантин режимі енгізіліп, сондай-ақ Шымкентте шаралар күшейтілді.

Бүгінгі күні Қазақстанда 604 адамның коронавирус инфекциясын жұқтырғаны белгілі болды, 44 адам сауығып, алты адам көз жұмды.

**Суретті түсірген
Қуаныш ДҮЙСЕНБЕКОВ**



Мемлекет басшысы ғалымдарды құттықтады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Масғұт Айқымбаев атындағы Аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы мен Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық биотехнология орталығының ұжымдарына құттықтау хат жолдады.



Қылмыс саны 20 пайызға азайды

Күллі әлем жұртшылығын сынға алған коронавирус індетін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ қана жеңе аларымыз анық. Десе де, COVID-19-бен күресте ең ауыр жауапкершілік жүгі ақ халаттыларға артылып тұр.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің 3 сәуір күнгі мәлімдемесінде «Шалғайдағы интернетке қосыла алмайтын, техникалық мүмкіндігі жоқ, оқушы саны көп дегенде 100-ге жуық, бір ауысымда оқып келген және коронавирус қаупі аз елді мекеннің мектептері санитарлық талаптарды сақтай отырып, дәстүрлі режимде оқуды жалғастырады» деп айтылды.

MO Жансая ҚАМБАР,
Нұр-Сұлтан

Десе де, техникалық мүмкіндігі бар, аталған критерийлерге сай емес Ақмола облысының Бұланды ауданындағы Қараөзек ауылының мектебі дәстүрлі режимде оқуға міндеттелмек болған. Мектеп әкімшілігі WhatsApp желісі арқылы ата-аналарға балаларын сабаққа жібермеген жағдайда олардың заң алдында жауап беретінін ескерткен. Осы жайтқа Нұр-Сұлтандағы университеттегі оқуын ауылында онлайн оқып жатқан Айсәуле Сызбек куә болып, министрге Instagram желісі арқылы ашық хат жолдаған.

«Біздің ауылдың мектебінде 150-ден астам оқушы бар. Осыған дейін де екі ауысымда оқып келген. Шет ауылдардан да оқушылар келіп оқиды. Тіпті мұғалімдер де 10 шақырымдағы Макинск қаласынан жұмысқа келеді. Және біздің ауылда интернет жұмыс істеп тұр. Әр үйде вайфай қосылған десем артық емес...»

Қазір оқытудың төрт түрлі механизмін енгізіп жатырсыздар. Ауылымызда телеарна да көрсетіледі, интернет те, радио да, почта да бар. Онда не үшін біздің ауылдың оқушылары бастарын қатерге тігіп, мектепке баруы керек? #Үйден-шықпа режиміне бағынып, елмен бірге қорғануға біздің ауыл балаларының құқығы жоқ па?.. Сіздер балалардың қауіпсіздігіне жауапкершілік аласыздар ма?



Ауылдағы асыра сілтеу

Инфекцияның Ақмола ауылдарын, біздің ауылды айналып өтеріне кепілсіздер ме?..

Ауданда азық-түлік дүкендерінен басқасының бәрі жабық бола тұра, ауылда мектептің жұмыс істеуі нендей тәуекел екенін түсіне алмай далмын...

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мырза, Қараөзек орта мектебі оқушыларының басқа да механизмдерді пайдаланып оқуға мүмкіндігі бар екенін ескеріп, қашықтан оқытылуын ұйымдастыруларыңызды сұраймын...» делінген ашық хатта.

Ашық хат көпшіліктің қолдауына ие болып, журналист Нартай Аралбайұлын да бейжай қалдырмады. Ол Айсәуледен онлайн сұхбат алып, Білім және ғылым министрі аталған жайтқа және қашықтан оқытудың машақатына байланысты ашық сұхбат беруге шақырды.

Бір күннен соң Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Қариновамен өткен онлайн-конференцияда министрдің кеңесшісі Ерболат Мұхамеджан ашық хатта айтылған мәселені көтерді. Вице-министр тарапынан қашықтан оқуға барлық жағдай жасалған болса, дәстүрлі режимде оқыту міндетті емес екені, қатып

қалған қағиданың жоқтығы, жергілікті әкімшілік пен ата-ананың ақылдасуымен шешім қабылдануы керектігі айтылды. Ал бірнеше сағаттан соң Қараөзек мектебінің әкімшілігі ауыл оқушыларының қашықтан оқуына шешім шыққанын хабарлады.

Сондай-ақ министрдің көмекшісі Ербол Сармурзин да Айсәулеге «Сіз көтеріп отырған мәселе бойынша мән-жайды анықтадық. Ақмола облысы білім басқармасының мәліметіне сәйкес, Қараөзек ауылының мектебі төртінші тоқсанды қашықтан оқытады. Еш уайымдамаңыз. Еліміздің ертеңі үшін алаңдаушылық танытқаныңыз үшін және белсенді азаматтық ұстанымыңыз үшін алғыс айтамыз» деген мазмұнда хат жолдап, жауап қайтарған.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауына арқау болған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін Айсәуледей азаматтық пікірін білдіріп, қоғамның дамуына үлес қосудан қорықпауымыз керек. Себебі бұл оқиға – «естуші мемлекеттің» қалыптасып келе жатқанының дәлелі.



Еңбегі ерен еріктілер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2020 жыл елімізде Еріктілер жылы деп жарияланғаны белгілі. Жастар жылын қорытындылаған жиында президент еріктілердің жұмысын сенбілік және экологиялық бір реттік іс-шара өткізумен ...



Мамандық таңдау – жүрек қалауы

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Өйткені оның тағдыры таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Кез келген жан асқақ арманға, биік мақсатқа ие. Дана Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген өсиет сөзі қойған мақсатына ұмтылған әрбір жасқа жігер берері сөзсіз.

ИСПАНИЯ

**ИСПАНИЯНЫҢ
ЖАҒДАЙЫ МҮШКІЛ**

Испания Еуропада коронавирустан болатын өлім-жітім бойынша 3-орында тұр.

Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекеттік комиссияның Жедел штабы хабарлады.

Жедел штабтың мәліметтеріне қарағанда, коронавирусты жұқтырғандар санының қарқынды түрде өсуіне байланысты Испанияда төтенше жағдай режимі тағы 15 күнге созылады.

Вирусты жұқтырғандардың көбі Мадридте тіркелген (34 188 адам). Екінші орында Каталония тұр (23 460 адам). Испанияда коронавирустан қайтыс болғандардың саны 11 025 адамға жетті. Сауығып шыққандар — 30 513 адам.

Бұл елде COVID-19-бен күрестің жақсы нәтижелер беріп, жаңа жұқтыру жағдайларының айтарлықтай төмендеуі байқалғанына қарамастан, Испания үкіметі қатаң оқшаулау шараларын әзірге сақтап отыр. Сондықтан ел билігі карантинді 26 сәуірге дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

Inform.kz

ФРАНЦИЯ

ҚАРУЛЫ ШАБУЫЛ

Францияда белгісіз біреу адамдарға пышақпен шабуылдап, екі адамды мерт қылды.

Францияның оңтүстік-шығысындағы Роман-сюр-Изер қаласында болған шабуылдан екі адам қаза тауып, бес адам жараланды.

Қала мэрінің айтуынша, ер адам пышақпен шабуыл жасаған сәтте азаматтардың барлығы дүкеннің кіреберісінде кезекте тұрған. Жараланғандардың бірінің жағдайы ауыр.

Полиция күдіктіні ұстады. Француз басылымдарының сипаттауынша, ол — 33 жастағы судандық азамат.

France Bleu сайтының дерегінше, бұл адам полицияға немесе барлау қызметіне таныс емес еді. Қылмыстың себебі әзірге белгісіз, бірақ оқиға орнын көріп келген елдің ішкі істер министрі Кристоф Кастанер «Бүгін бір адам террористік жолға түсті», деп мәлімдеді.

«Күдіктінің сыбайластары бар-жоғын ұлттық контртеррористік прокуратура анықтайды», — деп толықтырды министр.

Францияда коронавирус эпидемиясына байланысты карантин жарияланғандықтан, адамдар үйден тек азық-түлік пен дәрі-дәрмек алуға немесе таза ауа жұтуға ғана шыға алады.

Inform.kz

ТӘЖІКСТАН

**КОРОНАВИРУС
ДЕРЕГІ ЖОҚ**

Пандемияға байланысты әлем бойынша спорттық іс-шаралар кейінге шегеріліп жатқанда, өткен сенбіде Тәжікстан астанасы Душанбеде футболдан Суперкубок ойыны өтті.

Бұл елде коронавирус жоқ. Бірақ сақтық үшін ойынға жанкүйерлер келмеген. Сөйтіп, трибуна бос тұрды. Алаңға шыққан «Истиклол» және «Худжанд» командаларының ойыны 2:1 есебімен аяқталды. Ал бүгін футболдан ел чемпионаты басталады, оны көрермендер теледидар арқылы тамашалайды. Тәжікстанда әлі бірде-бір жанның індет жұқтырмағанын бұған дейін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы растаған болатын.

— Қарсыластарға көрермендердің жоқтығы аса қатты әсер етпеген секілді. Олар ойынның екінші жартысын қорғанумен өткізді. Бұл үшін жанкүйерлер қажет емес. Ал мына бізге жанкүйерлердің эмоционалды күші жетіспеді. Дегенмен жақын арада олармен жүздесеміз деп ойлаймын. Өйткені Тәжікстанда коронавирус жоқ. Сондықтан мамыр айында жанкүйерлер стадионға келіп, бізбен бірге қуанады деп сенеміз», — деді «Истиклол» ФК бас жаттықтырушысы Виталий Левченко.

Inform.kz

**Мемлекет басшысы
Ғалымдарды құттықтады**

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Масғұт Айқымбаев атындағы Аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы мен Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық биотехнология орталығының ұжымдарына құттықтау хат жолдады.

«Ғылыми институттардың ұжымдарын COVID-19 коронавирусын анықтауға арналған диагностикалық тест жүйесін әзірлеуімен құттықтаймын! Аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы мен Ұлттық биотехнология орталығының ғалымдары халықаралық стандарттарға сай келетін қажетті тест жүйесін қысқа мерзімде жасап шықты. Сіздердің жетістіктеріңіз отандық биомедицина саласының бәсекеге қабілеттілігі жоғары екенін көрсетеді. Әлемге тараған ко-

ронавирус індетіне қарсы күрес жүріп жатқан кезде бұл жаңалықтың ұсынылуы өте маңызды болып отыр. Әзірленген тест жүйесі мыңдаған азаматымыздың өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға көмектеседі деп сенемін», — деп жазылған Мемлекет басшысының құттықтау хатында.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ғылыми орталықтың ел игілігі жолындағы жұмыстарына табыс тілеп, алғыс білдірді.

Akorda.kz

**Психологиялық көмек
беретін сайт ашылды**

Халыққа психологиялық көмек беру мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы (ЮНИСЕФ) covid-19.mentalcenter.kz сайты ашты.



«Аталған сайтта өзіңізді қызықтыратын сұрақтарға жауап алып, психологтың немесе психотерапевтің кеңесін тыңдай аласыз. Ол үшін алдын ала өтінім қалдыру керек. Өтінім берушіге сілтемесі бар СМС-хабарлама келеді. Ол сілтемеге өткеннен кейін тиісті маманмен белгіленген уақытта әңгімелесуге болады», — деп жазылған Денсаулық сақтау министрлігінің Telegram-арнасында.

Аталған жобаға денсаулық сақтау, білім беру, мемлекеттік және мемлекеттік емес секторда еңбек ететін 50 маман тартылған. Жоба арқылы коронавирус инфекциясы таралған уақытта жергілікті жағдай ескерілген үздік халықаралық психологиялық көмек беріледі.

Baq.kz

Мамырдан ала бастайды

ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов Facebook-тегі парақшасында зейнетақы мен жәрдемақылар мөлшерінің 10%-ға көтерілуі қандай тәртіппен жүзеге асырылатынын түсіндіріп өтті.

— Біздің қадірменді зейнеткерлеріміз және жәрдемақы алушыларымыздың назарына!

Ел Президентінің 31 наурыздағы тапсырмасына сәйкес сәуір айынан бастап зейнетақы мен жәрдемақылар мөлшері жылдық есептеуде 10 процентке индексацияланады (елімізде 4 миллионнан астам алушымыз бар, жылына 3,4 трлн теңге төленеді), — деді Біржан Нұрымбетов.

Министр аталмыш өзгерістің қандай тәртіппен іске асырылатынын айтты.

— Төлемдердің мөлшері 2020 жылдың сәуір айынан бастап 2019 жылғы мөлшеріне қарағанда 10%-ке артуы тиіс. Ол дегеніміз, 2020 жылдың 1 қаңтарынан базалық зейнетақы мен жәрдемақылар 5%-ке өскен еді, ал негізгі жасына байланысты зейнетақы — 7 процентке. Енді 1 сәуірден бастап базалық зейнетақы мен жәрдемақылардың мөлшерінің өсімі 2019 жылдың желтоқсанына қарағанда 10%-ке дейін, ал негізгі жасына байланысты зейнетақы — 12 процентке дейін (2019 жылға қарағанда) жеткізіледі, — деді министр.

Біржан Нұрымбетовтің айтуынша, алдағы аптада республикалық бюджет



жөнінде заң қабылданып, Үкіметтің тиісті қаулысы шығады. Одан кейін қаражат бөлінеді.

— Бұл ретте заң бойынша сәуір айының зейнетақылары мен жәрдемақыларын біз 1 сәуірден бастап қаражатты толығымен аударып, төлеп жатырмыз.

Сондықтан төлемдерді ұлғайған мөлшерде қадірменді зейнеткерлеріміз және жәрдемақы алушылар мамыр айынан бастап алады. Сол мамыр айына төлегенде сәуір айының ұлғайған бөлігін қосып төлейтін боламыз, — деді еңбек министрі.

Baq.kz

**«Меркі-Бурылбайтал»
жолы ашылады**

Ұзындығы 262 шақырымдық «Меркі-Бурылбайтал» автомобиль жолын қайта жаңарту жұмыстары жалғасуда. Ол Жамбыл облысына қарасты Тәтті, Шу және Бірлік елді мекендерін айналып өтуге мүмкіндік береді.

«Тас жолды қайта жаңарту жобасына сәйкес Меркіден Шуға дейінгі 86 шақырымдық жол учаскесі төрт жолағы бар I техникалық санатқа жатқызылатын болады. Ал ұзындығы 176 шақырымдық құрайтын Шу қаласының бұрма жолынан Бурылбайталға дейінгі жол учаскесі 2 жолағы бар II техникалық санатқа сәйкестендірілмек», — делінген ҚР ИИДМ мәліметінде.

Жоба бойынша елді мекендер жанында алты көпір, үш теміржол өтпесі, жарықтандырылған 11 жол айырығы, 276 құбыр, демалыс алаңдары, сондай-ақ автопавильондар салынады.

Бүгінге дейін 2,6 млн текше метрден астам жермен байланысты жұмыстар орындалды. 80 су өткізу құбыры мен 11 мал айдау өткелі салынды. Жол өткелдері, көпірлер мен жол айырықтары сияқты 18 жасанды нысанды салу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Тас жолды қайта жаңарту жұмыстарына 607 техника мен 1500 жұмысшы жұмылдырылған. Аталмыш жолдағы қозғалыс 2020 жылдың соңына дейін ашылады деп жоспарлануда», — делінген хабарламада.

Спиртке сұраныс артқан

Елдің антисептикалық өнімдермен уақыттылық қамтамасыз етілмегеніне шикізаттың аздығы да әсер етсе керек.



Бұл өнім қазіргі кезде антисептиктер өндіруге қажет болып жатыр. Бизнесмен Сұлтан Алманов Covid-19 пандемиясының белең алуына байланысты антисептиктер өндірісі аса табысты кәсіпке айналғанына назар аудартады. Төтенше жағдайдың енгізілуі нәтижесінде мемлекет бұл өнімді көп көлемде әрі еш тендерсіз, тікелей сатып алуда.

— Алматы қаласында, Алматы облысында және бүкіл елімізде осы шараға атсалысу үшін химиялық технологияларға маманданған «Сұлтан» компаниясы мен сусындарды құю және қаптаумен шұғылданатын «Tagam su» ЖШС күш біріктіріп, консорциум туралы келісімге отырды. Құжат вирустармен және өзге жұқпалы дерттермен тиімді күрес мақсатында антисептиктердің, дезинфекциялық заттардың өндірісін жедел жолға қоюды қарастырады. Өндіріс Талғар қаласында әскери және арнайы мақсаттағы стратегиялық өнімдер шығарумен айналысатын «АлмаДК» базасында қолға алынуда, — деді ол.

Осы іске еліміздегі жоғары білікті мамандар, соның ішінде биохимия, химиялық технологиялар ғылымдарының докторлары, кандидаттары, магистрлері, сондай-ақ инженер-технологтар, химик-сарапшылар жұмылдырылуда.

Айтқандай, нарықта тәркіленген контрабандалық «антисептиксымақтардың» шынында жәй ғана спирт қосылған су болып шыққаны әшкереленуде. Сондықтан мұндай өндіріс мамандардан стратегиялық мақсаттағы химиялық өнімдер жасау бойынша үлкен тәжірибесінің болуын талап етеді. Ал кәсіпорындарда сапаны бақылау зертханалары, дәлдікті талдау-өлшеу аспаптары мен құрал-сайманы, сонымен қатар қажетті база-орындайы мен техникасы болуы шарт.

Бірақ мұндай өнім шығаратын кәсіпорындар бірден қиындыққа кезіккен. Нарықта спирт тапшылығы орнады. Соның салдарынан алкоголь өнімдері де қымбаттады.

— Өкінішке қарай, тіпті Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында спиртке қатысты өткір тапшылық туындады. Сол себепті дәріханалар мен сауда орындарынан жинастыруға тура келеді. Бірақ оларда да шағын құтыдағы осы өнім сатылып кетіпті. Алматы облысында мүлдем жоқ. Осыған орай біз ел Президентінің 23 наурызда мемлекеттік комиссия отырысында жария еткен тапсырмаларын жүзеге асыру аясында биліктен көмек сұрадық, — дейді отандық бизнесмендер.

Олар біріншіден, лицензия, тіркеу, рұқсатнама секілді өндіріс пен өнім үшін қажетті барлық рұқсат қағаздарын барынша тез беруді сұрайды.

Inbussines.kz

Қылмыс саны 20 пайызға азайды



Күллі әлем жұртшылығын сынға алған коронавирус індетін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ қана жеңе аларымыз анық. Десе де, COVID-19-бен күресте ең ауыр жауапкершілік жүгі ақ халаттыларға артылып тұр. Медицина қызметкерлерінен соң тәртіп сақшыларының еңбегі айрықша. Себебі ел басына күн туған осындай кезеңде де «жығылғанға жұдырық» болған заң бұзушылар жетерлік. 31 наурызда Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн-брифингте Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев осы турасында тарқатып айтты.

**Жансая ҚАМБАР,
Нұр-Сұлтан**

Министрдің мәлімдеуінше, 28 наурыздан Нұр-Сұлтан мен Алматыда карантин режимі күшейтіліп, тосқауыл-бекеттер қойылса да, кей азаматтар аталған қалаларға заңсыз кіруге әрекет жасаған. Оларды ақшалай сыйақыға тосқауыл-бекетті айналып тасымалдамақ болғандар да анықталды. Бүгінге дейін осын-

дай заңсыздық бойынша 33 адам жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ қорғаныс құралдарын заңсыз тасымалдау мен сату жөнінде 27 дерек тіркелді.

– Заңсыз айналымнан 2 млн-нан астам бетперде мен 4 мың қорғаныс костюмі тәркіленді. 10 тонна дезинфекциялық тауарды азаматтар қымбатқа сатпақ болған. Кінәлілер жауапқа тартылып жатыр, – деді Ерлан Заманбекұлы.

Сонымен қатар Ішкі істер министрі санитарлық ережелерді бұзу жағдайлары да кездесетінін атап өтті. Мысалы, ем-домнан немесе өзімен байланыста болған адамдар туралы ақпарат беруден бас тартқандар бар. Осындай төрт адамға қатысты сотқа дейінгі тергеу басталды.

Онлайн-брифинг барысында Ерлан Тұрғымбаев төтенше жағдай режиміне қарамастан, жұмысын жалғастырып сауда үйлері мен ойын-сауық орталықтары көп екенін айтты. Жалпы, карантин режимін сақтамаған 1800 заң бұзушы анықталған. Олардың 400-ден астамы әкімшілік қамауға алынса, 500-іне айыппұл салынған. Ал қалған іс сотқа жөнелтілген.

Сондай-ақ министр Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының тұрғындарына қатысты ереже бұзғандарға айыппұл салынаатынын мәлімдеді.

– Тәртіп бұзғандармен үш күн бойы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бүгіннен бастап ереже бұзғандарға айыппұл салынады. Ал қарсылық танытқандар 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынады, – деді Ерлан Заманбекұлы.

Брифингте Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев жақсы жаңалықпен де бөлісті. Ол Төтенше жағдай режимі енгізілген бері елімізде қылмыс саны 20 пайызға азайғанын айтты. Министр сөз соңында әрбір қазақстандықты жағдайдың күрделілігін түсініп, саналы да сабырлы болуға шақырды.

Су бөгеттерінен қауіп жоқ

Биылғы жылдың 2-3 сәуірінде Солтүстік Қазақстан облысындағы су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізу мақсатында су тасқыны қауіп бар аймақтар әуеден бақыланды.



**Серік КЕҢЕСБЕК,
СҚО**

жоспарланған іс-шараларға түзеулер енгізілді.

ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Юрий Ильин, СҚО әкімінің орынбасары Антон Федяев, ІІМ ТЖК СҚО ТЖ департаментінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Рамиль Камалов Айыртау, Ф. Мүсірепов, Шал ақын, Есіл және Қызылжар аудандары мен Петропавл қаласының аумағы бойынша ұшып өтті.

Ұшу барысында Имантау, Кіші Торанғұл және Үлкен Торанғұл көлдеріндегі мұз жағдайын бағалады. Облыстың басты су артериясы – Есіл өзені мен оның құймалары – Шарық, Ақанбұрлық, Бабықбұрлық, Иманбұрлық, Жембарақ, Қамысқақты өзендеріне ерекше назар аударылды. Сондай-ақ Сергеев су қоймасының бөгеті тексерілді.

Борттағы топ су тасқыны жағдайына мұқият зерттеп, жағдай шиеленіскенде халықты қорғау шараларын анықтады. Ұшу барысында көктемгі су тасқыны қауіпін мен қатерлерінен халықты қорғау бойынша жүзеге асырылатын және

Жалпы, ылғал қоры облыстың оңтүстік өңірінде, атап айтсақ, Айыртау, Ф. Мүсірепов, Тимирязев аудандарында сақталуда. Солтүстік Қазақстан облысының орталық, солтүстік және солтүстік-шығыс бөліктерінде қар жамылғысы түгелдей дерлік түсті.

Облыс аумағында су тасқыны қауіпіне жедел әрекет ету үшін құрамында 484 адам, 155 бірлік техника, 8 бірлік жүзу құралдары және 72 бірлік мотопомпа бар ТЖД күштері мен құралдары тобы дайындыққа келтірілді.

Су тасқыны жағдайына мониторинг жүргізу және алдын алу іс-шараларын орындау мақсатында Ф. Мүсірепов, Уәлиханов және Айыртау аудандарына ТЖД ведомстволық бағынысты бөлімшелерінен 9 бірлік техника, жеке құрамнан 40 адам, 5 бірлік жүзу құралдары және 7 мотопомпа күштері мен құралдары топтастырылды.

Жалпы, бүгінгі күні көктем маусымы өңірде қолайсыздықтар туырап тұрған жоқ.

Шекаралық өңірдегі карантиндік режим

Ақтөбелік полицейлер тәулік бойы Ақтөбе қаласына және аймақтарға кіріп-шығатын жолдарда тосқауыл бекеттерінде кезекшілік етуде.

**Маржан ЖҰБАНИЯЗОВА,
Ақтөбе облысы**

Ақтөбе облысында барлығы 28 тосқауыл бекеті ұйымдастырылды, оның ішінде 7 тосқауыл бекеті Ақтөбе айналасында қойылған.

– Полиция қызметкерлері жергілікті атқарушы орган өкілдерімен және медицина қызметкерлерімен бірлесіп отырып, жұмыс жүргізуде. 31 наурыздан бастап бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес Ақтөбе облысы ерекше тәртіпке көшті. Басқа аймаққа шығу және кіру жолдары жабылып, тек транзиттік көліктердің жүруіне рұқсат берілген. Облыс аумағында 28 тосқауыл бекеті ұйымдастырылды, оның ішінде 7-і Ақтөбенің айналасында. Қоғамдық орындарда патрульдік полицияның жұмыстары күшейтілді, есепте тұрған адамдармен алдын алу жұмыстары жүргізілуде, сондай-ақ, төтенше жағдай кезінде тәртіп сақтау үшін учаскелік полиция қызметкер-

лері жеке меншік пәтер иелерімен жұмыс жүргізуде, – деді Ақтөбе облысы Полиция департаментінің бастығы Атығай Арыстанов.

Самара-Шымкент тас жолында бір ғана тосқауыл бекеті арқылы тәулік сайын 2 мыңға жуық автокөлік өтуде. Негізінде, полиция қызметкерлері транзиттік жүк көліктерін, азық-түлік, дәрі-дәрмек, ауыл шаруашылығы өнімдері бар көліктерді өткізеді, алайда аса қажеті болмаса, Ақтөбе облысына немесе Ақтөбе қаласына кіріп-шығуға болмайды.

Бір тәулік ішінде полиция қызметкерлері тосқауыл бекеттерінде бір тәртіп бұзушылық дерегін анықтады. 31 наурыз күні полиция қызметкерлері тосқауыл бекеттерін елемей, қала сыртына айналмалы жолмен шықпақ болған 21 жастағы азаматты Алға ауданындағы тосқауыл бекетінде ұстады. Ұсталған азамат Ақтөбеден Қандыағаш қаласына ата-анасына бара жатқанын

түсіндірді. Аталған факті бойынша ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылды. Ақтөбелік азамат сот шешімімен бес тәулікке қамалды.

Бүгінгі күні полиция қызметкерлері еріктілермен бірге ТЖ режимін бұзуды анықтау бойынша жұмыстарды жалғастыруда. Полиция қызметкерлерімен 77 бұзушылық фактісі анықталды, оның ішінде ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабы «Төтенше жағдай режимін бұзу» бойынша 69 факті және ҚР ӘҚБтК-нің 478-бабы «Төтенше жағдай кезінде құқық тәртібін бұзуға итермелейтін іс-әрекеттер» бойынша сегіз факті анықталды.

Қарғалы ауданының Бадамша ауылында жергілікті кафенің әкімшісі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Кафе белгіленген уақыттан кейін жұмыс істеді (22-00сағат). Нәтижесінде азаматша ҚР ӘҚБтК-нің 476-бабы бойынша 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынды.

дегі негізгі міндеттеріне тоқталды. Оның сөзінен, құқық қорғау қызметкерлері көлік жүргізушілері мен жолаушылар арасында карантиндік режимді енгізу шарттары мен азаматтардың міндеттері туралы түсіндіру және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді. Ол, сондай-ақ, белгіленген режимді бұзудың әрбір дерегі әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратынын атап өтті.

Полиция қызметкерлері азаматтарды уақытша шектеулерге түсіністікпен қарауды және ТЖ режимінің ережелерін мүлтіксіз сақтауды, коронавирустық инфекцияға қарсы күрес және алдын алуға тартылған полиция және басқа да қызметкер қызметкерлерінің талаптарын орындауды сұрайды.

Сондай-ақ, полицияда құқық қорғау органдарының заңды талаптарына бағынбау ҚР ӘҚБтК-нің 667-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады және 40 АЕК-ке дейін (106 мың теңге) немесе 10 тәулікке дейін қамауға алу көзделген.

Тәулік бойы қызмет етуде

Ақмола облысындағы республикалық және облыстық маңызы бар автожолдарда 51 тосқауыл бекеті қойылды.

**Сапар ЕРАЛИН,
Ақмола облысы**

31 наурызда сағат 19.00-ден бастап Ақмола облысында өңірде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу бойынша карантиндік шаралар іске қосылды. Автокөліктердің кіруін және шығуын шектеу, карантиндік аймақтың периметріне кіретін азаматтарды тексеру және іріктеу, ең бастысы, бірінші қажеттілік өнімдері мен дәрі-дәрмектерді жеткізетін автокөліктердің кедергісіз өтуі үшін «жасыл дәлізді» қамтамасыз ету – тосқауыл бекеттерінде қызмет етіп тұрған полиция қызметкерлерінің негізгі міндеті.

Ақмола облысының аумағында тәулік бойы 51 тосқауыл бекет жұмыс істейді, олардың 12-і Көкшетау қаласының айналасында, тағы 8-і облыстың периметрі бойынша және 31 тосқауыл бекеті ең ірі аймақтардың аумақтарында: Степногор қаласы,

Атбасар, Бурабай, Ақкөл және Целиноград аудандарында орнатылған. Мұнда 300-ден астам полиция қызметкері, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық қызмет өкілдері мен әскери қызметкерлер қызмет атқарады.

Бірінші күні тосқауыл бекеттерінің жұмысын Полиция департаментінің бастығы, генерал-майоры Арманбек Баймурзин жеке тексерді.

Ведомство басшысы техникалық жабдықталуын, турниктер, тиісті жол белгілерінің, бөгегіш блоктарының барын тексерді. Сонымен қатар бірінші басшы ауысымға түсетін жол полициясы батальонының жеке құрамына нұсқаулық жүргізді, жеке қорғану құралдарының, медициналық маскалардың, дезинфекциялау құралдарының, сондай-ақ электрондық планшеттердің болуын тексерді.

Шара барысында генерал-майор Арманбек Баймурзин полиция қызметкерлерінің тосқауыл бекеттерін-

Сақшылар Халық Қаһарманын еске алды



Азаматтарды құтқару жолында, бейбітшілік пен тыныштық үшін өз өмірін құрбан еткен көптеген полиция қызметкерлерінің есімі ҚР Ішкі істер министрлігі тарихында жазулы тұр. Олар ұрпақ жүрегінде мәңгі қалары даусыз.

Опат болғандардың қатарында полиция капитаны Ғазиз Байтасов та бар. Ол 2011 жылдың 12 қарашасында Тараз қаласында террорлық акт салдарынан қаза тапты. ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен оған қайтыс болғаннан кейін Халық Қаһарманы атағы берілді.

2020 жылдың 3 сәуірінде «Халық Қаһарманы» Ғазиз Байтасовтың туған күніне орай Тараз қаласы Полиция басқармасының саптық алаңында ҚР Мемлекеттік туы көтеріліп, Мемлекеттік Әнұран орындалып, батырды еске алу іс-шарасы өтті.

Аталған шараға Тараз қаласы Полиция басқармасы жеке құрамы мен жас мамандары қатысты. Жиын барысында батыр полицияның ерлігін дәріптеу және жас

мамандарға сол күнгі оқиға жайлы ақпараттандыру мақсатында Тараз қаласы ПБ басшысының орынбасары С.Сексенбаев баяндама жасады.

– «Халық Қаһарманы», полиция капитаны Ғазиз Байтасов қауіпсіздікті сақтау ісінде нағыз отансүйгіштігін дәлелдеген полицей және лаңке бейбіт азаматтарға оқ жаудыра бастағанда, ойланбастан оларды құтқару үшін өзін құрбан еткен. Оның ерлігі мен қызметіне деген адалдығы кейінгі жастарға ұмытылмас өнеге болары анық», – деді ол өз сөзінде.

Іс-шара әріптестерінің батырды еске алып, бір минуттық үнсіздік жариялауымен аяқталды.

Сонымен қатар полиция капитаны Ғазиз Байтасовтың бюстіне қаза болған жеріне гүл шоқтары қойылды.

Сенімді көмек



СҚО бойынша ҚАЖД ЕС-164/6 мекемесінің сотталғандар арасында тәрбие және әлеуметтік-психологиялық жұмыс бөлімі бастығының, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әділет майоры Дәурен Сәдуақасовтың басшылығымен «Еңбек-Қызылжар» РМК бірлесіп, сотталғандардың ерікті күшімен балалар маскасы дайындалды.

Ерлік БЕКСУЛТАНОВ,
СҚО

Қалыптасқан қиын жағдайда елімізде де, жалпы әлемде де қызметкерлер отбасы үлгісіндегі балалар ауылының тәрбиеленушілеріне көмек көрсетті. Коронавирусқа қарсы күрес мәселесі әрқайсымызды алаңдатып, тұтас қоғамды мұқият және ізгілікті қарым-қатынас жасауға үндеуде. Әсіресе еліміздің ертеңгі азаматтары саналатын балаларға қамқорлық пен көмек аса қажет.

Қазақстан Республикасында төтенше жағдай енгізілген уақыт-

тан бастап мекемеде жұқпалы аурулардан қорғайтын медициналық бетперделерді дайындау жұмыс жаппай жүргізілуде.

Осы мақсатта СҚО бойынша ҚАЖД ЕС-164/6 мекемесінің жеке құрамы балалар ауылына барып, жағдаймен етене танысты. Онда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға бетперделер таратып берді. Сондай-ақ тәрбиешілер мен ұстаздар да назардан тыс қалмады.

Қиын-қыстау кезеңдер – адамның мейірімді іс-әрекеттер жасауына мүмкіндік беретін жағдай. Дәл осындай сын сағатта әркім сенімді көмек қолын созуы тиіс.

Жамбылдық полицейлер қан тапсырды

Елімізде төтенше жағдай режимі жарияланып, шектеулер қойылған сәттен бастап донорлардың саны күрт төмендеді. Осыған байланысты аймақтағы полиция қызметкерлері қан тапсырды.



Ағымдағы жылдың 2 сәуірінде Жамбыл облыстық қан орталығының кезекті қан тапсырушылары Облыстық Полиция департаменті бастығының орынбасары Темірбек Оразымбетов бастаған тергеушілер мен анықтаушылар болды.

Қан тапсыру арқылы полиция қызметкерлері халыққа көмек көрсетуде игілікті іс жасап, азаматтық белсенділік көрсетті.

– Қазір медицина қызметкерлері полициямен бірге пандемияның

кеңінен таралмауы үшін алдыңғы қатарда қызмет етуде. Біз бүгін медицина қызметкерлерінің жұмысына аз да болса өз үлесімізді қостық деп ойлаймын, – деді Т.Оразымбетов.

Қазіргі уақытта әлемдік дәрежеде таралған коронавирустық инфекциядан адамдардың денсаулығын сақтауда донорлық қан топтамаларының толық болуы аса маңызды.

Polisia.kz.

Сотталғандар сыйақы алды

Шығыс Қазақстан облысында бетперде тігумен айналысқан сотталғандарға бір миллион теңгеден астам сыйақы берілді.

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың атынан түзеу колонияларында жазасын өтеп жатқан сотталғандар жұмысына ақшалай сыйақы алды. Қазіргі уақытта қорғаныс құралдары мен дезинфекция қажет. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігі мен Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің басқармасы басшылығының шешімімен қылмыстық-атқару жүйесінің өндірістік объектілерінде қорғаныс бетперделерін тігу ұйымдастырылды. 19 наурыздан бастап Шығыс Қазақстанның алты колониясында сотталғандар қорғаныс бетперделерін тіге бастады. Осы уақытқа дейін сотталғандар 120 мыңнан астам бетперде тігіп үлгерген. Осы бетперделермен по-

лиция офицерлері мен әскери қызметкерлер толығымен қамтамасыз етілген. Сотталғандардың еңбегі атаусыз қалмады, оларға ақшалай сыйлықтар берілді.

– Біздің жұмысымыз бағаланып, тіпті сыйлық табысталды. Бұған өз басым өте қуаныштымын. Шынымды айтсам, мен бұған сенбедім, өмірімде бірінші рет өз жұмысым үшін ақшалай сыйлық алдым. Мен алған сыйлығымды әйеліме аударып жібердім, бұл ақша маған қарағанда, оған өте қажет деп ойлаймын, – деді сотталған Арлан.

Бүгінгі таңда Шығыс Қазақстан облысының түзеу мекемелерінде қорғаныс маскаларын тігу жалғасып жатыр.

Polisia.kz.

Еңбегі ерен еріктілер



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2020 жыл елімізде Еріктілер жылы деп жарияланғаны белгілі. Жастар жылын қорытындылаған жиында президент еріктілердің жұмысын сенбілік және экологиялық бір реттік іс-шара өткізумен шектеу қате екенін атап өтті. Әлемде коронавирус инфекциясы секілді індет таралған қазіргідей жағдайда еріктілердің атқаратын қызметі кең ауқымды игі іс екенін көрсетіп берді. Бүгінгі таңда еліміздегі барша еріктілер жұдырықтай жұмылып, зейнеткерлерге, дәрігерлер мен аты жаман індет қауіп төндірген жандардың барлығына көмек көрсетуде.

Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан

Қазір елімізде Ұлттық еріктілер жүйесінің жұмысы жолға қойылған. Жүйе ар-ұждан және мәдени қағидаттарға, этникалық құндылықтарды сақтап отырып, қоғамды үйлестіру миссиясымен бас біріктірген азаматтар мен заңды тұлғалардың ерікті бірлестігі болып табылады. Үкіметтік емес ұйым болып табылатын бұл корпус серіктестерімен бірге іздестіру және құтқару саласында еріктілер

қозғалысын дамыту және кәсібилендіру жөнінде жедел шараларды шешуге бағытталған жұмысты атқарады.

Дәл қазіргі уақытта «Ұлттық Еріктілер жүйесі» ұйымына «BizBirgemiz» ұранымен Нұр-Сұлтан қаласында төтенше жағдай кезінде жұмыс істейтін бірқатар мекемелер еніп отыр. Атап айтқанда, «Я-алматинец», «Красный полумесяц», «Лидер.кз», Алматы қаласындағы «Клуб Добряков» және Нұр-Сұлтандағы «Астана жастары» секілді ұйымдар жұмыс істеп жатыр. Бас қалада карантин кезінде 200-ден

астам адам еріктілер ісіне тартылған. Күн сайын 20-ға жуық ерікті, сонымен қатар 15 көлікпен жүретін ерікті жұмыс істейді. ҰЕЖ атқарушы директоры Татьяна Миронюктың айтуынша, Нұр-Сұлтан қаласында еріктілер күніне көмекке зәру 50-ге жуық адамға барады. Қазіргі карантин жағдайында әсіресе балалар, зейнеткерлер, мүгедек жандар, көп балалы аналар басты назарға алынып отыр.

Өкінішке қарай, карантиндік шектеулерге байланысты ұйым еріктілер санын қысқартуға мәжбүр. Ал жұмысқа тартылған еріктілер күн сайын көп адаммен байланыс жасайтындықтан, қауіпсіздік мақсатында әрдайым бетперде және қолғап киіп, залалсыздандыру құралын пайдаланып жұмыс істейді. Яғни әлеуметтік жағдайы төмен жандарға көлікпен азық-түлік және тұрмыста аса қажетті заттарды жеткізумен айналысады. Осы тұста әлеуметтік пакет жайлы аз-кем айта кетуді жөн көріп отырмыз. Оның ішіне бетперде, залалсыздандыру құралы және қолғап кіреді. Ал азық-түліктен – картоп, ұн, өсімдік майы, шәй таратылады. Дегенмен дүкеннен азық-түлік әкеп беруді немесе итін серуендетуді өтініп, хабарласатын қарттар да бар.

«SAQSHY» және «На страже» газеттерінің ұжымы да «BizBirgemiz» акциясына үлес қосуды жөн көріп, ұйымға газеттің жаңа санының жүздеген данасын жеткізіп берді.

Ерікті деген кім? Ол – қоғам игілігі үшін ерікті түрде әрі тегін жұмыс атқарушы немесе қызмет көрсетуші адам. Мұндай идеяны басшылыққа алып, өзгелерге көмек беруге және әрекет етуге дайын кез келген адам ерікті бола алатынын айта кетейік.

Ардагерлерге қамқорлық жасалды

СҚО бойынша ҚАЖД ЕС-164/3 мекемесінің қызметкерлері еңбек ардагерлеріне көмек көрсетті.



Евгения КЛЕПИКОВА,
СҚО

Еліміздегі азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Петропавл қаласында коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында 65 жастан асқан ересектерге шектеу шаралары енгізілді. Атап айтқанда, олар өздерін оқшаулап,

серуендерден, дүкенге барудан бас тартуы қажет.

СҚО бойынша ҚАЖД ЕС-164/3 мекемесіндегі қызметкерлер өздерінің негізгі қызметтерін орындаумен қатар, ерекше қауіп аймағында бола тұра коронавирус инфекциясының таралуына қарсы күреске бағытталған карантиндік іс-шаралар жүргізеді. Қызметкерлер мекеменің жалғызбас-

ты зейнеткерлері, еңбек ардагерлері Леонид Яковлев пен Раиса Лишнянскаяны назардан тыс қалдырған жоқ.

– Әр адамның азаматтық және адамгершілік міндеті, бұл – қарт адамдарды ұдайы қолдау, оларға қамқорлық жасау және олардың бір мезет көңілін аулау. Қай-қайсымызға болсын, қарттарымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, бірлігі, қажырлылық қасиеттері үлгі бола алады. Біз зейнеткерлердің үйлеріне барып, оларға азық-түлік, бір реттік бетперделер, қолғаптар апарып бердік. Біздің бұл азғантай көмегіміз жалғызбасты зейнеткерлердің денсаулығын қорғауға септігін тигізеді деп үміттенеміз, – деп атап өтті СҚО бойынша ҚАЖД ЕС-164/3 мекемесі бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әділет майоры Рүстем Рахметов.

Еңбек ардагерлері өз кезегінде көрсетілген көмек үшін қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

Қиналғандарға көмек қолын созды

Алматы облысының Панфилов ауданының полицейлері Мемлекет басшысының #BizBirgemiz үндеуін қолдап, Жаркент қаласындағы әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмек көрсетті.



– Жеке құрамнан төтенше жағдайға байланысты күнкөрісі нашар және көп балалы отбасыларға жәрдем беру туралы ұсыныс түсті. Бүгін бірнеше көп балалы және әлеуметтік жағдайы қиын отбасыларға көмек көрсеттік. Оларға азық-түлік жеткізілді. Қашықтан оқыту жүйесі

енгізілгендіктен, жағдайы төмен отбасының мектеп жасындағы жасөспіріміне смартфон табыс етілді. Қиын шақта қолдау көрсеткен аудандық полицияның жеке құрамына ризашылығымды білдіремін. Игі шараны қолдан келгенше жалғастырамыз, – деді Панфилов АПБ

бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Жамбыл Бакетов.

Сондай-ақ, қоғамның белсенді өкілдері, кәсіпкерлер мен блогерлер тарапынан да санитарлық шараларды қамтамасыз ету мақсатында құрылған бекеттердегі полицейлер мен медицина қызметкерлеріне алғыстарын айтып, сый-құрмет көрсету деректері кездеседі.

Текелі қаласының жас кәсіпкері мен жергілікті блогері қала аумағының санитарлық күзетінде тұрған бекеттегі қызметкерлерге тұрғындар атынан алғыстарын айтып, ыстық тамақ дайындап әкелді.

Өз кезегінде тәртіп сақшылары індетті жеңу үшін әрбір адамның сақтық шараларына үлкен жауапкершілікпен қарауы қажет екенін ескертеді. Облыстағы сақтық шараларына түсіністікпен қарап, қоғамдық орындарда міндетті түрде бетпердемен жүруді талап етеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 01 қаңтарындағы №665 бұйрығына сәйкес «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының медиа-орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2019 жылдың қаржылық есебі

01.01.2019 - 31.12.2019 аралығы бойынша бухгалтерлік баланс

млн. теңге			
Активтер	Жол коды	Есепті кезеңінің аяғында	Есепті кезеңінің басында
I. Қысқа мерзімді активтер:			
Ақша қаражаты және оның бастамалары	010	25 178,00	62 765,00
Қысқа мерзімді амортизациялық құрмен бағаланған қаржылық активтер	011		
Қысқа мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құрмен бағаланған қаржылық активтер	012		
Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құрмен бағаланған қаржылық активтер	013		
Өткенге дейін ұсталатын қаржы активтері	014		
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	015		
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	016	30,00	169,00
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	017		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер	018	15 645,00	8 347,00
Ағымдағы табыс салығы	019	516,00	426,00
Қорлар	020	2 587,00	2 445,00
Биологиялық активтер	021		
Өзге де қысқа мерзімді активтер	022	108,00	264,00
Қысқа мерзімді активтердің жиынты (010-жолдан бастап 022-жолды қоса алғандағы сомасы)	100	44 064,00	74 416,00
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді амортизациялық құрмен бағаланған қаржылық активтер	110		
Ұзақ мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құрмен бағаланған қаржылық активтер	111		
Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құрмен бағаланған қаржылық активтер	112		
Ұзақ мерзімді туынды қаржылық құралдары	113		
Бастапқы құры бойынша есепке алынатын инвестициялар	114		
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар	115		
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық активтері	116		
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	117		
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	118		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер	119		
Инвестициялық мүлік	120		
Негізгі қаражат	121	18 252,00	12 090,00
Пайдалану құралы түрі актив	122		
Биологиялық активтер	123		
Барлау және бағалау активтері	124		
Материалдық емес активтер	125	96,00	110,00
Кейінгі қалдырылған салықтық активтер	126		
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	127		
Ұзақ мерзімді активтердің жиынты (110-жолдан бастап 127-жолды қоса алғандағы сомасы)	200	18 348,00	12 200,00
Баланс (100 жол + 101 жол + 200 жол)		62 412,00	86 616,00
Міндеттеме және капитал			
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Амортизациялық құрмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	210		
Пайда немесе залал арқылы әділ құрмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	211		
Қысқа мерзімді туынды қаржылық құралдары	212		
Өзге де қысқа мерзімді активтер	213		
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	214	5 204,00	7 519,00
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	215	1 547,00	2 406,00
Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері	216	4 046,00	11 893,00
Қызметкерлерге сыйақылар	217	367,00	5,00
Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек	218		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	219	8 655,00	3 359,00
Мемлекеттік субсидиялар	220		
Төленген дивидендтер	221		
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	222	2 018,00	1 732,00
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиынты (210-жолдан бастап 222-жолды қоса алғандағы сомасы)	300	21 837,00	26 914,00
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Амортизациялық құрмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	310		
Пайда немесе залал арқылы әділ құрмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	311		
Ұзақ мерзімді туынды қаржылық құралдары	312		
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелері	313		
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	314		
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	315		
Кейінгі қалдырылған салықтық міндеттемелер	316		
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	317		
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек	318		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	319		
Мемлекеттік субсидиялар	320		
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	321		
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиынты (310-жолдан бастап 321-жолды қоса алғандағы сомасы)	400		
V. Капитал			
Жарғылық (акционерлік) капитал	410	19 058,00	19 058,00
Эмиссиялық кіріс	411		
Сатып алынған меншікті үлес құралдары	412		
Резервтер	413		
Бөлінбеген пайда (өтелмеген залал)	414	17 682,00	33 788,00
Өзге капитал	415	3 835,00	6 856,00
Негізгі ұйымның меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиынты (410-жолдан бастап 415-жолды қоса алғандағы сомасы)	420	40 575,00	59 702,00
Бақаламайтын меншік иелерінің үлесі	421		
Барлығы капитал (420 жол + 421 жол)	500	40 575,00	59 702,00
Баланс (300 жол + 301 жол + 400 жол + 500 жол)		62 412,00	86 616,00

01.01.2019 - 31.12.2019 аралығы бойынша пайда мен залалдар туралы есеп

млн. теңге			
Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңге	Алдағы кезеңге
I. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы			
Түсім	010	332 975,00	355 034,00
Сатып алған тауарлар мен қызметтердің өзінік құны	011	294 444,00	284 800,00
Жалпы пайда (010 жол - 011 жол)	012	38 531,00	70 234,00
Сату бойынша шығыстар	013		
Өкімшілік шығыстар	014	38 977,00	40 953,00
Операциялық пайда жиынты (жалпы) (+/- 012-жолдан 016-жолды қоса алғанда)	020	-446,00	29 281,00
Қаржылық кірістер	021		
Қаржылық шығыстар	022		
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қарымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдалындағы (залалындағы) ұйымның үлесі	023		
Өзге кірістер	024	3 572,00	88,00
Өзге шығыстар	025	2 914,00	
Салық салғанын дейінгі пайда (жалпы) (+/- 020-жолдан 025-жолды қоса алғанда)	100	212,00	29 369,00
Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер +)	101		-5 225,00
Салық салғанын кейін жағалатын қызметтен түсетін пайда (жалпы) (100 жол - 101 жол)	200	212,00	24 144,00
Салық салғанын кейін ұсталатын қызметтен түсетін пайда (жалпы)	201		
Мыналарға қатысты бір жылғы пайда: (200 жол + 201 жол):	300	212,00	24 144,00
Негізгі ұйымның меншік иелері			
Бақаламайтын меншік иелерінің үлесі			
Өзге де жиынтық пайда (410-жолдан 420-жолды қоса алғандағы сомасы):	400		
оның ішінде:			
өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құрмен бағаланған борыш қаржылық құралдарды қайта бағалау	410		
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қарымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі	411		
мерзім кейінге қалдырылған табыс салығы мөлшеремесін өзгерту әсері	412		
Ақша ағындарын хеджирлеу	413		
Шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	414		
Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу	415		
Өзге де жиынтық пайданың өзге де құраушылары	416		
Пайда (жалпы) құрамында кері сыйнағу кезіндегі түсетін	417		
өзге де жиынтық табыс құраушыларының салықтық әсері	418		
Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергенде) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктелген өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (410-жолдан бастап 418-жолды қоса алғандағы сомасы)	420		
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау	431		
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қарымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі	432		
Зейнетақы міндеттемелері бойынша ақтуарлық пайда (залпы)	433		
өзге де жиынтық табыс құраушыларының салықтық әсері	434		
өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құрмен бағаланған үлестік қаржылық құралдарды қайта бағалау	435		
Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергенде) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктелген өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (431-жолдан бастап 435-жолды қоса алғандағы сомасы)	440		
Жалпы жиынтық пайда (300 жол + 400 жол)	500	212,00	24 144,00
Мыналарға тиесілі ақша жиынтық пайда			
Негізгі ұйымның меншік иелері			
Бақаламайтын меншік иелерінің үлесі			
Алдағыға арналған пайда:	600		
оның ішінде:			
Алдағыға арналған бақылау пайда:			
жазғалатын қызметтен			
тоқтатылған қызметтен			
Алдағыға арналған ақпараттық пайда:			
жазғалатын қызметтен			
тоқтатылған қызметтен			

01.01.2019 - 31.12.2019 аралығы бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есеп

млн. теңге									
Күруымшардың атауы	Жол коды	Авалық ұйымның капиталы						Бақаламайтын меншік иелерінің үлесі	
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық кіріс	Сатып алынған, меншік үлесі құралдар	Өзге жиынтық кіріс құраушылары	Бөлінбеген пайда	Өте капитал	Капитал жиынты	
Алдағы жылдан 1 қантарына арналған сальдо	010	19 058,00				33 559,00	3 835,00		56 452,00
Есеп саясатындағы өзгеріс	011								
Қайта есептелген сальдо (010 жол +/- 011 жол)	100	19 058,00				33 559,00	3 835,00		56 452,00
Жалпы жиынтық кіріс барлығы (210 жол + 220 жол):	200	200				24 144,00			24 144,00
Бір жылғы пайда (жалпы)	210					24 144,00			24 144,00
Өзге жиынтық кіріс барлығы (221 жолмен 229 жолды қоса алғандағы сомасы):	220								
оның ішінде:									
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құрмен бағаланған борыштық қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	221								
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құрмен бағаланған үлестік қаржы құралдарын қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	222								
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау (салық тиімділігін алып тастағанда)	223								
үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілген қарымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық кірістері (залалындағы) үлесі	224								
Зейнетақы міндеттемелері бойынша ақтуарлық пайда (жалпы)	225								
Ешпінлес ұйымдардың мерзімі кейінге қалдырылған салығына арналған табыс салығының ставкасындағы өзгерістердің тиімділігі	226								
Ақша ағындарын (салық тиімділігін шегеру отырып) хеджирлеу	227								
Шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	228								
Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма	229								
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310 жолмен 318 жолды қоса алғандағы сомасы):	300					-11 569,00			-11 569,00
оның ішінде:									
Қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру	310								
оның ішінде:									
қызметкерлердің көрсететін қызметтерінің құны									
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемалары бойынша акциялар шығару									
қызметкерлерге акциялармен сыйақы беру схемасына қатысты салықтық пайда									
Меншік иелерінің жарналары	311								
Жеке меншік үлес құралдарын (акцияларын) шығару	312								
Бизнесі біріктіруге байланысты үлес құралдарын шығару	313								
Айырбасталатын құралдардың үлестік құрамы (салық тиімділігін шығару отырып)	314								
Дивидендтерді төлеу	315								
Меншік иелерінің пайдасына өзге де бөлулер	316								
Меншік иелерімен өзге де операциялар	317					-11 569,00			-11 569,00
Бақалауды жоғартуға әкеп соқпайтын ешпінлес ұйымдарда қатысу үлесіне өзгерістер	318								
Басқа операциялар	319					-12 346,00	3 021,00		-9 325,00
Есепті жылдың 1 қантарына арналған сальдо (100 жол + 200 жол + 300 жол + 319 жол)	400	19 058,00				33 788,00	6 856,00		59 702,00
Есеп саясатындағы өзгеріс	401								
Қайта есептелген сальдо (400 жол +/- 401 жол)	500	19 058,00				33 788,00	6 856,00		59 702,00
Жалпы жиынтық пайда, барлығы (610 жол + 620 жол):	600					212,00	-3 021,00		-2 809,00
Бір жылғы пайда (жалпы)	610					212,00			212,00
Өзге жиынтық кіріс барлығы (621 жолмен 629 жолды қоса алғандағы сомасы):	620						-3 021,00		-3 021,00
оның ішінде:									
Негізгі қаражаты (салық тиімділігін шегеру отырып) қайта бағалағанды өсім	621								
Негізгі қаражаты (салық тиімділігін шегеру отырып) қайта бағалағанды өсімі	622								

Әр істің артында адам тағдыры бар

Тергеуші мамандығы қашан да білімді, жауапкершілік пен төзімділікті қажет етеді. Мұндай мамандық иелері қылмыскерлерді құрықтап қана қоймай, бұлтартпайтын айғақтар арқылы істің мән-жайын анықтап, заң талаптарына сәйкес тергеу амалдарын жан-жақты жүргізеді. Әр істің артында адам тағдыры тұрғанын ескеретін тергеушілер үшін әрбір әрекет маңызды. Ал арамьзда осындай ауыр жұмыстың жүгін арқалап жүрген тергеушілер қанша ма?!



Жадыра ТҮРСЫНОВА,
Қарағанды

Солардың бірі – Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы желілік полиция бөлімінің тергеушісі, полиция аға лейтенанты Нүркен Санақ.

Нүркен Олжабайұлы Қарағанды экономикалық университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген. Алғашқы еңбек жолын Қарағанды-Сұрыптау станциясы ЖПБ патрульдік полиция тобының полицейі лауазымынан бастады.

Ал 2017 жылдан бері аталмыш бөлімде тергеуші болып қызмет атқарады. Осы жылдар ішінде әріптестерімен иық тіресе жүріп, еселі еңбек етті.

Нүркеннің басты ұстанымы – әр істің байыбына бармай тұрып, шешім қабылдамау. Әр істің артында адам тағдыры тұрғандықтан, шешім шығаруда біліктілік таныту шарт.

Мәселен, былтырғы жылдың 13 қыркүйегінде Қарағанды-Сұрыптау станциясындағы желілік полиция бөлімінде Жіңішке станциясынан Алашанькоу станциясына жіберілген жүк вагонында 77 биг-беттегі «Ш» ферроқорытпалар жүгінің жетіспейтіндегі анықталды. «Sardar» ЖШС келтірілген жалпы материалдық шығын 31 878 372 теңгені құрады. Тыңғылықты жүргізілген тергеу амалдарының арқасында Жезқазған қалалық сотының үкімімен ағымдағы жылдың 6 наурызында бес айыпталушыға қатысты бес жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы сот үкімі шықты.

– Қызметке келген алғашқы жылдары оңай болды деп айта алмаймын. Білікті тергеушілерден үйрендім. Оқыдым, зерттедім. Тергеу жүргізудің әдіс-тәсілдерін барынша меңгеруге тырыстым. Тергеуші сауатты әрі жан-жақты болуы тиіс. Сонымен бірге қасындағы адаммен тез тіл табыса алу, шапшаңдық, түйсік, сезімталдық сынды қасиеттер барынша қажет. Алдымызға түрлі адамдар келеді. Олардың сезін, ойын түсіну қажет. Осы орайда психолог та боламыз, – дейді полиция аға лейтенанты.

Тергеу саласы қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында біз де әріптесімізді кәсіби мерекесімен құттықтаймыз. Қоғам мен мемлекет алдындағы қызметтік борышын адал орындап жүрген барша тергеушілерге қажыр-қайрат тілейміз.

Қайырымдылық – қағидамыз

Жабырқаған жанның жанынан табылу, шарасызға көмек қолын созу, мұқтаз жанға қайырымдылық көрсету – халқымыздың қанына біткен асыл қасиеттерінің бірі.



Майра БАЙНҮРҚАШЕВА,
ШҚО

Елімізде індетке қатысты төтенше жағдай енгізілгені көмек қажет ететін топтарға қолдау көрсету мақсатында Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданына қарасты Шуақ ауылында орналасқан ОВ-156/21 мекеме бастығы, әділет подполковнигі Жақсылық Алтаевтың тұрмыс жағдайы төмен, көп балалы отбасына, қамқоршысынан айырылған анаға, қарт зейнеткерге қайырымдылық жасау туралы бастамасын мекеме ұжымы бірауыздан қолдап, көмек көрсетуге ниет білдірді.

Ұжым қызметкерлері тұрғындарға әлемді дүрліктірген індет

туралы ақпарат беріп, вирустан қорғану жолдарын түсіндірді. Олар, сондай-ақ, медициналық бетперде, залалсыздандыру құралдары және күнделікті өмірге қажетті ет, азық-түлік өнімдерін сатып алып, оны Жаңғызтөбе ауылының тұрғындарына, атап айтсақ, қарт зейнеткер Сара Мұстафинаға, тұрмыс жағдайы төмен көп балалы отбасы Қ.Сариетварға және қамқоршысынан айырылған ана Ж. Байғасиноваға табыстап, сол кісілердің алғысына кенелді.

Әлемдік пандемия кезінде бір-бірімізге жанашырлық таныту, қамқор болу, бірлігімізді сақтау – әрбір азаматтың парызы.

Мамандық таңдау – жүрек қалауы

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Өйткені оның тағдыры таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Кез келген жан асқақ арманға, биік мақсатқа ие. Дана Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген өсиет сөзі қойған мақсатына ұмтылған әрбір жасқа жігер берері сөзсіз.

Гүлдархан БЕКЕМҚҰЛОВА,
Алматы

Қыздар мұғалім, дәрігер, журналист, есепші, заңгер, тігінші, шаштараз, аспаз сынды маман иелері болуды армандайды. Десек те, нәзік жанды қыздарымыздың арасында ерлермен тең түсіп, олар таңдаған мамандыққа да бақ сынап жатады. Осы жолда ерлермен иық тірестіріп, сол мамандықты еркін меңгергендері қаншама!

Әрине, физикалық күш-қуатты талап ететін әскери мамандықты таңдап, полицей болып жұмыс жасайтын бұрымдыларымыз баршылық. Солардың бірі – Көліктегі полиция департаментінің Алматы 1 станциясы желілік полиция басқармасы жедел криминалистикалық бөлімшесінің криминалисті Салтанат Шайхислам.

Біздің кейіпкеріміз Алматы облысының Ақши ауылында, ішкі істер органдары қызметкері Талғат Еркембаев пен Ләззат Еркінқызының отбасында дүниеге келген. Отбасында екі бала. Салтанат үйдің тұңғышы болса, соңында інісі Самат бар.

Салтанат бала жастан тергеуші болуды армандап, сол мақсатта заң колледжіне түсті. Нақты кәсіптенуді айқындар тұста әкесі ішкі істер органдарының, ал анасы адвокатура немесе прокуратура саласын таңдауын қалады. Бірақ, тағдырын адам таңдай ма?! Әкесі мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін қызы бір сәтте есейіп, әкесінің жолын жалғастыруды жөн көрген.

2009 жылдың маусым айынан өз еңбек жолын қабылдап-таратушы полицей ретінде бастаған Салтанат бұдан соң кәметке толмағандар ісі жөніндегі уыскалық



полиция инспекторы қызметін атқарды.

2015 жылдың тамызынан бастап Алматы 1 станциясындағы ішкі істер желілік басқармасының жедел-криминалдық бөлімшесінің криминалисті болып тағайындалды.

Полиция капитаны қызметтегі өзінің алғашқы күндерін бүгінде былайша еске алады.

– Мен үшін ең есте қаларлық сәт – оқиға орнына алғаш шығуым болды. Онда жүйткіп келе жатқан пойыз адам қағып кеткен еді... Оқиға орнына баруға қорықтым, алайда қызметтің аты – қызмет. Өзіне жүктелген тапсырманы орындауға міндеттісің. Сондықтан қорқынышты жеңуім керек болды. Мен бұл қорқынышты жеңуге тырыстым және жеңдім де. Бүгінде мамандығыммен мақтанамын. Өйткені, криминалистика – бұл өте қызықты әрі үнемі дамып отыратын ғылым. Бұл қызметті құлшына істеймін. Жалпы, зерттеу және техникалық жабдықтардың дамуы бір орында тұрмайды. Оқиға орнынан іздерді

анықтау, бекіту және жою, сондай-ақ әрі қарай зерттеу бойынша жаңа әдістер мен технологиялар ойлап табылып, әрдайым жетілдіріліп келеді.

Криминалистің жұмысы қылмысты ашуда өте маңызды рөл атқарады, себебі қылмыс орнынан алынған айғақтар мен салыстырмалы зерттеу нәтижелері оң болса, бұл өте маңызды дәлел болып саналады, – дейді Салтанат.

2018 жылдың жазында Салтанат Шайхислам Асылбек атты азаматпен отау тікті. Жұбайы Салтанаттың қызметіне, таңдаған мамандығына құрметпен қарап, әрдайым қолдау көрсетіп отырады.

Өмір жолдарының парағына әскери мамандықты енгізген, ер-азаматтарға тән мамандықты таңдап отырған қыздарымызға батыр апаларымыздың ерлігін тілейміз. Қандай мамандықты таңдаса да, әр адам үшін бұл өте маңызды қадам, өйткені мамандық таңдау – жүрек қалауы! Жүрек қалауымен таңдалған сенімді қадамның – биік шыңдарға жеткізетіні анық.

Халықпен ұдайы байланыста

Елімізде жыл сайын 5 сәуірде көші-қон қызметкерлері кәсіби мерекесін атап өтеді.



Сәуле МУСИНОВА,
Павлодар облысы

Қазақстан Республикасының азаматтығын рәсімдеу, уақытша тіркеу, тұрақты мекенжайға рәсімдеу, жеке куәлік пен төлқұжат беру – міне, осынау мемлекеттік маңызды әрі қажетті іспен Павлодар облысы Ішкі істер департаментінің көші-қон қызметі айналысып келеді.

Бүгінде осы салада облыс бойынша 103 кәсіби шыңдалған қызметкер еңбек етуде. Көші-қон қызметі мамандарының жоғары кәсібилігі, білімділігі, жауапкершілігі мен олардың қолға алған ұтымды шаралары заңсыз көші-қонға тосқауыл болып қана қоймай, аймақтағы көші-қон жағдайының тұрақты болуына мүмкіндік береді.

Жыл басынан бері көші-қонды бақылау барысында Қазақстан

Республикасы аумағына келу ережесін бұзған 212 шетел азаматы анықталып, әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 106 іс сотқа жолданды. Оларды қараған соттардың шешімімен 27 шетелдік ел аумағынан шығарылды.

Көші-қон қызметі басқармасын 2018 жылдан бері полковник Арман Уәлиев басқарып келеді.

– Бізге адамдар түрлі түйткілді мәселелермен келеді. Біз адамдармен тікелей жұмыс істейміз және олардың ерқайсысының мәселесін жеке-дара қарастырып, адамды ұғуға тырысамыз. Инспектор Конституцияны, көптеген заңдар мен заңға бағынышты актілер мен ережелерді біліп қана қоймай, азаматтық-құқықтық сипаттағы мәселелерді де шешуі тиіс. Біздің жұмысымыздың ерекшелігі сол, жұмысымызды заңнама шеңберінен асырмай, мұқият орындауға міндеттіміз, – дейді көші-қон қызметінің бастығы Арман Уәлиев.

Өз тарапымыздан әріптестерімізді кәсіби мерекесімен құттықтап, көші-қонның барша қызметкерлеріне кәсіби біліктіліктері үшін алғыс айтып, әрдайым абырой биігінен көрініңіздер деген тілек білдіреміз.

Қазақшаға судай Сметановский немесе Полиция полковнигінің пайымы

Қостанайда Александр Сметановский есімді офицер тұрады. Тобыл-Торғай жұртына кеңінен таныс. Мемлекеттік тілді жетік меңгерген. Ішкі істер органдарында 28 жыл бойы еңбек етіп келе жатыр. Бүгінде ПМ Қостанай Академиясының Тактикалық арнайы даярлық кафедрасының бастығы, полиция полковнигі.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын Александр Юрьевичтің еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол Ішкі істер министрлігінің I, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдарымен, Құрмет грамотасымен және басқа да сыйлықтармен марапатталған.

Алайда, адамның дегені бола берген бе, айтып келмейтін сұм ажал әкесі Юрийді алмай қоймайды. Бұл 1984 жыл болатын. Енді екі баласын ел қатарынан қалдырмау Лидия Михайловнаның мойнында еді. Өмірінде түрлі қиындықтар кездесе де, сыр бермеуге тырыса-

жауапкершілікпен қарайтын жігерлі жігіттің талпынысы басшылар тарапынан да қолдау табады. Сол себепті де Александр офицер деген атақты әрқашанда жоғары ұстап, соған сай болуға ұмтылды. Ол көп ұзамай Қостанай Заң институты Жедел іздестіру қызметі кафедрасында оқытушы болып он жылдан артық қызмет істейді. Кейін Әділет министрлігі ҚАЖК Қостанай Академиясының Әскери және дағдарысқа қарсы дайындық кафедрасының бастығы, Жедел іздестіру және режим қызметі ка-



новскийді еркелетіп, лақап ат қойып алған (Ол туралы әңгіме соңында айтамыз). Бірақ оған кейіпкеріміз шамданбайды, тек жымияды да қояды.

Бүгінде Александр отбасында Әсел және Сабина атты қыздарды тәрбиелеп, мәпелеп өсірді. ПМ Қостанай Академиясының түлегі Әсел әкесінің жолын қуып Қостанай қалалық Ішкі істер басқармасында жауапты қызмет атқарады. Ал Сабина Екатеринбургте орналасқан Ресейдің тұңғыш Президенті Б. Елцин атындағы Федералды университетінің Халықаралық қатынастар мамандығы бойынша 3-курста оқиды.

Жергілікті халықтың салт-дәстүрін берік ұстанатын отбасы тұңғыш қыздарын қазақтың жөн-жоралғысымен ұзатыпты.

Әркез мемлекеттік тілдің жанашыры болып жүретін Александр Сметановский өңірде өткізілетін түрлі тіл сайыстарына қатысып тұрады. Бірде ПМ Қылмыстық атқару жүйесі комитетінде өткізілген мемлекеттік тілге арналған республикалық сайыста таза қазақша сөз сөйлеп, жиналған жұртты таңғалдырған болатын. Осы сайыста ол жиырмаға жуық мақал-мәтелді орыс тіліндегі аудармасымен айту, белгілі ақындардың өлеңдерін мәнерлеп оқу, күнделікті қызметте пайдаланатын құжаттарды орысшадан қазақшаға аудару, өз өнерін көрсету секілді сайыс тапсырмаларынан сүрінбей өтіп, өзгелерден оқ бойы озық шыққан еді. Сөйтіп бас жүлдені қанжығасына байлаған болатын.



Александрдың балалық шағы қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған Торғай өңірінде өтті. Содан да шығар, қазақ тіліне жетік болып өсті. Мақалдатып, мәтелдетіп сөйлегенде көпшілік еріксіз таңғалатын. Әңгіменің майын тамызады. Қазақтың қара домбырасын қолға алып әуелете ән шырқағанда, тыңдаған жанды сүйсінтпей қоймайды.

Сашаның қазақ тілін терең меңгеруіне педагог анасы Лидия Михайловнаның көп ықпалы болыпты. Өзі де қазақ тілінде емін-еркін сөйлейтін. 1956 жылы Орал қаласындағы педагогикалық институтты бітіріп, жолдамамен Торғай өңіріне келген жас маманды әуелі Жанкелдин ауданы Албарбөгет кеңшарындағы Тәуіш елді мекеніндегі мектепке жібереді. Ол сондағы мектепке жұмысқа орналасып, қазақ балаларына орыс тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс оқиды. Ал отағасы бұрынғы әскери офицер Юрий Сметановский осы білім ұясында шәкірттерге алғашқы әскери дайындықтан сабақ береді.

Осылайша тумысынан жайдары мінезді жандар Торғай жұртшылығымен етене араласып, жергілікті халыққа сіңісіп кетеді. Бұдан кейін ерлі-зайыптылар Жанкелдин ауданының орталығы Торғай селосына көшеді. Юрий мен Лидия Сметановскийлер бұл жерді де жатсынбай, тұрғындарымен тонның ішкі бауындай араласып кетеді. Мұнда да отағасы Торғай орыс мектебінде (бүгінгі Иванов атындағы орта мектеп) өз мамандығы бойынша сабақ өткізсе, Лидия Михайловна да бұрынғы қызметін жалғастырады. Күндердің күнінде Сметановскийлер шаңырағында Виктория есімді қыз бала мен Александр атты шексіз торсықтай ұл дүниеге келіп, жас отбасының қуанышын көкке көтереді...

Сондықтан да шығар, қызы Виктория мен ұлы Александр кішкентайынан ата-аналары секілді еңбекқор, ізденімпаз әрі табанды болып ер жетті.

Отағасы қайтыс болғаннан кейін бұлар Торғайда көп тұрақтап қала алмады. Бұрынғы Торғай облысының орталығы Арқалық қаласына көшіп кетеді. Лидия Михайловна осы қалаға іргелес жатқан Арқалық аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызметке орналасады. Осы жауапты қызметтен құрметті демалысқа шығады. Оның ұзақ жылғы сіңірген еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Тиісті орындар білікті ұстаздың жұмысын жоғары бағалады. Ол «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі» атағына ие болады. Сонымен қатар тыл ардагері атанады.

Қазақтар арасында өсіп, жан дүниесі де қазақ болып кеткен Александр жастайынан иығына погон тағып, әскери маман болуды армандайтын. Бұған, әрине, әкесі Юрийдің темірдей тәртіпті ұнататын офицер болуы өз әсерін тигізбей қоймағаны анық.

Осылайша «Әке көріп, оқ жонған» Александр алдымен Қарағандыдағы педагогикалық институттың әскери-спорттық факультетіне оқуға қабылданып, оны ойдағыдай бітіріп шығады. Бұдан соң осы қаладағы Жоғары милиция мектебінде сырттай оқып, оны да жақсы нәтижемен аяқтайды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылы 1992 жылы Александр еңбек жолын Арқалық қалалық Ішкі істер бөлімінен бастайды. Алдымен жедел уәкіл, кейін аға жедел уәкіл болып қызмет етеді. ПМ Қылмыстық іздестіру бөлімшесі бастығының орынбасары лауазымына жоғарылайды. Бұдан соң осы бөлімшенің бастығы болып тағайындалады. Өз қызметіне тиянақты әрі зор

федерасының профессоры болған ол бүгінде Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының Тактикалық арнайы даярлық кафедрасының бастығы лауазымында. Мұнда да абырой мен беделден кенде болған жоқ. Құқық қорғау органдарында атқарған көп жылғы қызметі еленіп, Ішкі істер министрлігінің «Үздік қызметі үшін» белгісі, Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесі коми-



тетінің II дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалін иеленген.

Александр Юрьевич үшін кіндік қаны тамған жері Торғай селосының жөні қашанда бөлек. Аудан орталығындағы Иванов атындағы орыс мектебінде оқыса да, ес білгеннен жергілікті қазақтың қара домалақ балаларымен кәдімгідей асыр салып ойнап, ержетті. Солармен араласа жүріп, қазақтың тілін бір кісідей меңгеріп алды. Ол қазір сол Торғай өңірінде өскен Ыбырай Әмірханов, Еренбол және Талғат Алматыттар, Айбек Қапақов, Ақынбек Арыстанов сынды бала күнгі достарымен жиі-жиі бас қосып, қайта оралмас шақтарын үнемі еске алып отырады. Тай-құлындай тебісіп өскен осы достары ғой, Александр Смета-

Болашақ офицерлерді Отанын, елін сүйге баулып, оларға мемлекеттік тілді үйретуге өз үлесін қосып жүрген Александр Юрьевич:

«Қазақ тілі – өте бай тіл. Тіліміз сөздік, грамматикалық құрылысы жағынан болсын дамыған, байыған, оралымды тіл. Абай Құнанбайұлы, Мұхтар Әуезов, Илияс Жансүгіров секілді қазақ халқының алыптары тілді жоғары мәдениет сатысына көтеріп қана қоймай, асыл қазынадай құрметтеді, қастер тұтты. Сол себептен бүгінгі таңда қазақ тілін ардақтап, әдет-ғұрпымызды сақтап, оның мәртебесін әлемге таныту – біздің мақсатымыз» – дейді.

Қазақ тілін кейбір қаракөздерден де артық білетін Александр

Сметановский мемлекеттік тілді игерудің арқасында қазіргі деңгейге жетіп отырғанын айтады. Өмірін күрт өзгерткен жетістіктер мен абырой оған оңайлықпен келген жоқ, әрине. Ол осы жолда тынбай ізденді.

«Мектеп бағдарламаларын былай қойғанда, өз бетімше жалықпай еңбектендім. Түрлі газет-журналдардың әрбір санын жібермей оқитынмын. Қазір де солай. Ондағы күрделі сөз тіркестері, теңеулер мен образды сөйлемдер жадыма жақсы сақталып қалуы үшін оңашада дауыстап оқимын, – деп жымиды.

– Сонымен қатар қазақтың ұлы жазушылары Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» мен Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббатын» қазақ тілінде тапжылмай оқып шықтым. Осы көркем шығармаларды талдап, ондағы әрбір сөзге ерекше ден қойдым. Соның нәтижесінде өзіме бұрын беймәлім тың сөйлемдерге қанықтым. Қазақтың шұрайлы да нәрлі көркем тілінен сусындадым. Осы шығармаларды оқу арқылы қазақтың ежелден келе жатқан әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне терең бойлады. Бұл дүниелерді кез келген зерделі де зиялы жан оқып, танысып шықса, артық болмайды.»

Сөз орайы келгенде айта кетейік, Александр Сметановский Павлодар қаласында өткен өзге ұлт арасындағы аймақтық «Қазақ тіліне жеке үлесім» деп аталатын байқауға қатысып, жүлделі 1-орынды жеңіп алады. Сондай-ақ елордада өткен осы байқауда бас жүлдені иеленеді. Бұл жарыста ол сайыстың барлық талабы бойынша алдына жан салмады. Ондағы өзін таныстыру, мақал-мәтелдерді білу, белгілі бір тақырып бойынша күнделікті қызметте пайдаланатын құжаттарды орысшадан қазақшаға аудару, өнер көрсету сынды шарттардың бәрінен де мүдірмей өтті. Сөйтіп оның есімі өз саласы бойынша қызметкерлер арасында кеңінен танылды.

«Туған Торғайымның қазіргі жағдайы мені де қатты алаңдатады, – деп күрсінді полиция полковнигі. – Кіндік қаны тамған жерден жырақта жүрген ел азаматтарының бәрі де дәл мендей толғанып, аңсайтын шығар... Бұла көңілім ақ селеулі далаға тартады да тұрады...».

Осылай деп сәл үнсіз тұрды да, сірә, жабырқай қалған көңілін бір сәтке болса да көтермекке ұмтылды, білем: «Айтпақшы, ұмытып кетпейік, жоғарыда сөз болған лақап аты-жөнім туралы айтайық: Достарымның арасында кейде қалжыңдап: «Александр Сметановский емес, Ескендір Қаймақбаевпын» деп айтамын!» – деп күлді.

Біз де езу тарттық. Полиция полковнигінің пайымына сүйсінгеннен.

Ғанибет Ғалымбекұлы, суреттер әлеуметтік желілерден алынды

ҚАЗАҚСТАНҒА КРЕМАТОРИЙ КЕРЕК ПЕ?

Мұсылман халқының түйсігіне жат «крематорий» десе, қазақтың денесі түршігеді. Бақилыққа аттанған адамын ақ жауып, арулап қоятын біздің халық үшін мәйітті отқа тастау - ақылыңды отқа тастаумен бірдей. Десек те, осы тақырыпты зерттеп көрсек, өлікті өртеудің тарихы тереңде екен. Тамыры сонау тас дәуірі мен қола дәуірінен тартылады. Ертедегі адамдар өліктерін жаппай өртейтін болса, көне Грецияда да бұл әдіс кеңінен қолданылып, содан ертедегі Римге ауысқан. Адам өлігін өртейтін салт Еуропаға 18-ші ғасырдың соңында келген екен.

Нұрай МАТАЕВА,
Алматы

Берідегі тарихта Үндістан, Жапония және Индонезия елдерінде өлікті ашық отқа өртепті. Әлі де өртейтін сияқты. Басқа елдерді білмеймін, соңғы жылдары біздің экранды жаулап алған үнді фильмдерінде өлікті қалай өртейтінін көріп жүрміз. Ал патшалық Ресейде алғашқы крематорий обадан өлген малдарды өртеу үшін салыныпты. Кейіннен жұқпалы аурудан өлген адамдардың денесін өртеуге де пайдаланылған. Мысалы, 1905-1907 жылдары оба дертін зерттеуші екі дәрігер В.Турчинович-Вязниев пен М.Шрейбер өздеріне оба жұқтырып, олардың денелері де өртеліпті. Уақыт өте келе, бұл кәдімгі салтқа айналып кеткен сияқты. В.Маяковский, М.Горький, В.Чкалов, С.Киров, В.Куйбышев, С.Орджоникидзе сияқты белгілі тұлғалардың да мәйітін отқа жағып, күлін арнайы колумбарияларға қойған. Ленинград қаласы фашистердің қоршауында қалған жылдары да соғыс зардабынан өлген адамдардың көптігінен олардың мәйіттерін өртеу кеңінен қолданылды. 1933 жылы Мәскеуде көз жұмған алаш қайраткері Смағұл Садуақасовтың мәйіті де өртелген. Ғаламторды ақтарып отырсақ, оның өмірбаянында С. Садуақасовтың сүзекпен ауырып, қайтыс болғаны жазылыпты. 2011 жылы оның мәйіт күлі салынған қобдиша туған еліне жеткізіліп, қайта жерленді.

Қазір де Ресейде мәйіттерді өртеу сақталған. Бүгінде ірі қалаларда

30-ға жуық крематорий бар. Тіптен Ресейдің Мәскеу және Санкт-Петербург қалаларында кремациялау үлесі 70 пайызға дейін жетіпті.

Крематорий салудағы басты себеп – зиратқа бөлінетін жердің жоқтығы. Осындай сылтаумен Мәскеу кеңес кезінің өзінде-ақ Қазақстанға «өлікті өртеу» әдісін ұсынған. Сол кездегі басшымыз Дінмұхамед Қонаев өзінің табандылығының арқасында Мәскеу билігінің тізеге салар пәрменінен жол тауып шыққан болатын.

Қазақстанда қазір крематорий салу мәселесі ауық-ауық көтеріліп тұрады. Яғни жерлеу рәсімдерін өткізетін кәсіпорын басшылары Алматы қаласының әкімдігіне крематорий құрылысын салу туралы ұсыныс бергенде оны қолдаушылар да, қарсы болғандар да көп болды. Бұл ұсынысқа, әсіресе дін өкілдері қатты қарсылық көрсетті. Исламда да, христианда да мәйітті өртеу күпіршілік саналады. Діни түсінік бойынша топырақтан жаралған адам Жер-анаға қайта оралуы керек.

Иә... топырақтан жаралғанымыз ақиқат болса, қайтадан топыраққа айналуымыз да ақиқат болуы керек. О, шіркін, өрне өмір келер ме едік, Келіп ап көкжиегін көрер ме едік. Сан ғасыр өткеннен соң күл-сүйектен,

Тым құрыса бір тал шөп боп өнер ме едік! – дейді Омар Нәйям.

Ал, Мұқағали:
Тастама мені,
Тастама мені, Шырағым!
Шуағың түссін,

Шөп болып, мейлі, шығамын, – дейді.

Қазақстанда мәйітті өртеуді құптайтынның көш басында қаладағы жерлеу рәсімін ұйымдастырушы ұйымдардың өкілдері тұр. Олардың дәлелі де – қала аумағында зиратқа бөлінетін жердің тарлығы. Осыған қарап санаға салмақ салып ойланатын болсақ, «Қазақстанға крематорий керек пе?» деген сұрақ миыңды шыңылдатады. Әрине, күннен күнге «алып қалашыққа» айналып бара жатқан «кеңсайдың» проблемасын крематориймен шешуге болмайтын шығар десек те, дәл бүгінгі таңда «Жұқпалы аурудан қайтыс болғандарды қайтеміз?» деген сұрақ атойлап тұр.

26 наурыз күні коронавирустан 64 жастағы әйелдің қайтыс болғанын естігенде, «Енді оны қайда, қалай жерлейді?» деген сұрақ барлығымызды ойландырған шығар. Оның Ақмола облысының Қосшы ауылының маңына жерленгенін естігенде, «Бұл қалай?» деп таң қалды. Бірақ қарапайым халық пен журналистердің сұрағына не әкімшілік органдары, не жерлеу рәсімін ұйымдастырушы бюролар жарытып жауап бере алмады. Іле-шала Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев мәлімдеме жасап, өлгендердің санитарлық талапқа сай жерленетінін алға тартты. Бұдан кейін де тағы бірнеше науқас коронавирустан көз жұмды. Бұл санның әлі қаншаға барып тоқтайтынын ешкім болжай алмайды. Жақында ғана еліміздің бас санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетова Қазақстанда коронавирустан қайтыс болған адамдарды жерлеу тәртібі бекітілген Жарлыққа қол қойды. Қазір біздің білетініміз «Қазақтар дәстүр бойынша денені табытқа салмайды. Бұл жағдайда коронавирустан көз жұмған адамның денесін дезинфекциялық ерітіндісіңірілген төсек жаймаға орап, сыртынан полиэтиленді пленкамен

қаптайды. Артынан қайтадан тығыз матамен орайды» деп жазылған нұсқаулықта.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Covid-19 инфекциясын жұқтырып, қайтыс болғандарды жерлеудің ортақ ережесі жоқ екенін, әр мемлекет өзінше ереже бекіткенін алға тартты. Қазақстанда санитарлық нормаға сәйкес жұқпалы аурулардан қайтыс болғандардың моласының түбіне қалыңдығы 10 см хлорлы әк салынады екен. Мәйітті тасымалдауға болмайды. Алматы қаласындағы жерлеу және зираттарды ұстау жөніндегі Ереже бойынша мұндай адамдардың моласы әдеттегідей 1,5 метр емес, 2 метр тереңдікпен қазылады. Жерлеу бюроларында да әр түрлі ереже қолданылады. Тіптен мықты қара полиэтилен қапшыққа салып жерлеуді ұсынатын бюролар да бар. Сонда қалай? Мұсылманда топырақтан жаралған адам топыраққа сіңіп кету үшін жұқа кебінге оралады. Өйткені сүйектен ажырап, суға айналар ет топыраққа тез сіңіп кетуі керек.

Негізінен Қазақстанда өлген адамның денесін кремациялауға мүлде тапсырыс жоқ деп айтуға болмайды екен. Осы мақаланы жазу барысында Алматыдағы «Амон» жерлеу бюросының директоры Сергей Александровичпен хабарласқан едік.

– «Қазақстанда крематорий салу керек пе немесе жоқ па?» деген сұраққа жауап беру қиын. «Крематорий қажет» дейін десем, адам денесін кремация жасауға өткен жылы 14 ғана тапсырыс болды. Оның өзіндік себебі де бар. Біз тапсырыс болған жағдайда мәйітті Ресейдің крематорийлерінде жасаймыз. Бұл өте қымбатқа түседі. Ашығын айтқанда, бір адамды кремациялауға мәйіттің иесі 500 мың теңге шығындауы керек. Өйткені өлген адамның денесін Ресейдің крематорийлеріне жеткізу үшін де бірқатар дайындық жұмыстары қажет. Мысалы, тиісті

құжаттарын жинау керек, денені бальзамдау керек, жеткізу шығыны, сонымен қатар крематорийдің қызмет көрсету құны да бар. Кремацияланған адамның мәйіт күлі салынған қобдиша тиісті мекенжайға жеткізіледі. Егер өзімізде крематорий болса, бағасы мұндай қымбат болмас еді. «Керек емес» деп те айта алмаймын, өйткені исламда адам денесін өртеуге тыйым салынғанымен, Қазақстанда осы салтты жат көрмейтін ұлт өкілдері де көп тұрады ғой, – деді бюро директоры.

Расында да, «Қазақстанға крематорий керек пе?» деген сұраққа жауап беру қиын. Мәйітті өртеуге тапсырыс берушілердің аз болуы қызмет көрсету бағасының қымбат болуына да байланысты екені сөзсіз. Бұл орайда тағы да бір ойланатын жәйт бар, ол – ірі қалаларда үй-күйі жоқ қаңғыбастардың көп болуы. Мысалы, бір Алматы қаласының өзінде бір жылда жүзге жуық осындай адамдар қайтыс болады екен. Олардың арасында басқа ұлт өкілдері де жетерлік.

Крематорийдің қажеттілігін жоққа шығармайтын тағы бір мәселе бар. Мысалы, медициналық мекемелерден жиналатын биоқалдықтар да жерге көміледі. «Алматы қаласы мамандандырылған жерлеу рәсімдері бюросы» ЖШС мамандарының айтуынша, бір молаға 70 килограмм биоқалдық (мерзімінен бұрын және өлі туған шақалақтар, медициналық аборт қалдықтары) көміледі екен. Мамандардың айтуынша мұндай биоқалдықтарды өртеу үшін крематорий қажет.

Бір сөзбен айтқанда, ерте ме, кеш пе Қазақстанға крематорий салу қажеттігі туындайтыны анық. Әрине, бұл жерде өлген адамдарды жаппай өртеу қажет деген пікірден аулақпыз. Бізде көп ұлттың өкілдері өмір сүргенімен, мәйітті қалай жерлеу керек екенін әр адам өзі шешеді.

Спорт

Спортты сүйген сұлулар



Таяуда құқық қорғау органдарының әйел қызметкерлері арасында тұңғыш рет волейболдан турнир өтті.

Эльмира КӨПТІЛЕУОВА,
Атырау облысы

Бұл турнирді Атырау облысының Полиция департаменті ұйымдастырды. Шараны Полиция департаментінің орынбасары, полиция подполковнигі Әділхан Байдосов ашып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Турнирге мамандандырылған күзет қызметі басқармасы, Атырау қалалық Полиция басқармасы, Исатай және Махамбет аудандық полиция бөлімдері, Ақпараттық

жүйелер басқармасы, Атырау облысы бойынша ҚАЖ департаменті, Арнайы даярлау басқармасының командалары қатысып, бар күш-жігерлерін салды. Атырау облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің қызметкерлері ә дегеннен-ақ, кәсіби волейболшылардай допты шырқ үйіре жөнелді. Бірнеше сағатқа созылған жарыста жанкүйерлер де өз командаларына дем беріп, қоллаштап отырды. Жарыстың аты – жарыс. Жеңіс бар жерде, жеңілістің болуы да заңды. Алайда Атырау облысы бойынша ҚАЖ

департаментінің қыз-келіншектеріне басты мақсат – жеңу емес, спорттық шараға бір кісідей белсене қатысып, қызметкерлердің спортқа жақын екенін білдіру еді. Спортқа деген құлшыныстарын көрсеткен қызметкерлердің арасында суырылып алға шыққан Исатай аудандық Полиция бөлімінің командасы 1-орынды, Атырау облысы бойынша ҚАЖ департаментінің командасы 2-орынды, Мамандандырылған күзет басқармасының қызметкерлері 3-орынды иеленді.

Қиын салада қызмет атқарса да, жұмыс пен спортты қатар бағындыра алатынын қыздар осы турнирде көрсете білді.

Дәстүрлі спартакиада мәресіне жетті



Саламатты өмір салтын насихаттау және халықты бұқаралық спортқа тарту мақсатында Ақмола облысының Дене шынықтыру және спорт басқармасы облыстық басқармалар мен ведомстволардың арасындағы кезекті XXI «Бірлік» спартакиадасын өткізді.

Әділ ҚАЙЫРБЕКОВ,
Ақмола облысы

Спартакиада 2020 жылдың 8 ақпанында бастау алып, наурыздың соңғы күндерінде өз мәресіне жетті. Сайысқа Ақмола облысының барлық мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, соның ішінде қылмыстық атқару жүйесі департаментінің командалары қатысты. 500-ден астам қатысушы спорттың 12 түрінен: шаңғы жалысы, волейбол, шахмат, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, баскетбол, оқпен ату, шағын футбол, жүзу, дойбы, отбасылық старттар, сон-

дай-ақ «Президенттік миля» кроссында бақ сынасты.

Аталған спорт түрлерінен жарыс қолданыстағы ережеге сай өтті. Ал, жалпыкомандалық орындар спорттың барлық 12 түрінен ең көп ұпай жиынтығы бойынша анықталды. Ұпайлар тең болған жағдайда спорт түрлерінен жұлделі орындарды көп игерген команда басымдыққа ие болды.

Осы спартакиадада Ақмола облысы бойынша ҚАЖ департаментінің атынан шаңғы жарысына қатысқан үш қызметкер жұлделі орынға ие болды.

<p>ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС</p> <p>Бас директор Махаббат СӘДУАҚАСОВА</p>	<p>РЕДАКЦИЯ: Бас редактор Тоқнияз КУЧУКОВ Бас редактор орынбасарының н.а.: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ Аға тілші: Гүлсім БЕГІМОВА</p>	<p>Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді</p> <ul style="list-style-type: none"> • Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді • Коллажға рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды • Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес • Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді • Фотосуреттердің саласына редакция жауап береді • Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады 	<p>Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Индекс: 65395 Таралымы: 9 133 Тапсырыс: № 408</p>	<p>«Алматы – Болашақ» АҚ Алматы қаласы, Алматы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В тел: 8777-163-12-39 Газет аяғына 8 рет шығады.</p>	<p>БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР: ИИК – KZ74856000000147459 БИК – KСJBKZKX БИН – 051040005963 КБЕ-16 «БанкЦентрКредит» АҚФ РНН 600900114533</p>	<p>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А. Телефон: 8 (7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110 www.mediaovd.kz Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz</p>
Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: Қайсар ЗАКИРАЕВ		Корректор: Айша ӨТЕБӨЛІ		Фототілшілер: Медет ӨШІРБЕКОВ, Қуанышбек ДҮЙСЕНБЕКОВ		Нөмірдің кезекшісі: Гүлсім БЕГІМОВА